

Іед.кеңесте қаралды. Бекітемін. М.Т.Бимагамбетова
«26» 08 2025 ж. Талдықолан ЖОББМ директорының м/а



Келісілді: С.Б.Биртаева
Әйтеке би ауданының білім
бөлімінің басшысы



Тақырыбы:
«Математика шыңы»
(Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар)

Сыныбы: 3 «а»
Орындады:
Г.О.Еселова
бастауыш класс мұғалімі

Ә/Б отырысында қаралды:
Г.О.Еселова
(Ә/Б жетекшісі)

№1 хаттама «26» күні 08 айы 2025ж

Тексерілді: М.Т.Бимагамбетова
оқу- ісінің орынбасары

Түсінік хат

3- сыныпқа арналған «Математикалық сауаттылық есептерін шығару әдістері» тандау курс бағдарламасы оқыту процесінде оқушы математикадан алған білімді күнделікті өмірде қолдана білу дағдысын арттырып, математикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған. Берілген курс математикадағы қатысты ұғымдарды, тұжырымдар мен мазмұндық ашумен, олардың тәжірибелік маңыздылығын айқындаумен сипатталады. Бұл курсты игеру оқушылардың ой - өрісін, логикалық пайымдау, дәлелдеулерді жүргізу, практикалық есептеулерді шығару барысында математикалық білімдерін қолдану біліктілігін дамытуға PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың математикалық сауаттылықтарын дамытуға, жалпы адами және ұлттық негізде тұлғаның жалпы интеллектуалдық қасиеттерін дамытудың қажетті деңгейіне жетуіне бағытталған.

Тандау курсының мақсаты:

- жеке тұлғаның таным белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту;
 - коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға тәрбиелеу, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;
 - оқушылардың логикалық ойлау, қабылдау әрекеттерін жетілдіру;
 - әрбір оқушының жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы оның интеллектісін байыту, дүниетанымын тереңдету, ой-өрісін дамыту;
 - оқушылардың өзін-өзі тану қабілетін дамытуға жағдай жасау;
- Оқушылардың өзін-өзі тану қабілеті арқылы өмірлік ұстанымын қамтамасыз етуде қажетті ресурстарды қалыптастыру.

Тандау курсының міндеттері:

- проблемаларды шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттері дамыған тұлғаны қалыптастыру;
- оқушыларға бейіндік оқу шеңберіндегі пәндерді тандауда білім алу әрекетінің ынталық деңгейін арттыру;
- оқу әрекетінің формаларын даралау, оқушылардың өнімді және қайталама әрекетін ұштастыру және өз бетінше жұмыс істеу, оқытудың белсенді әдістерін қолдану арқылы сабақтың тиімділігін арттыру;
- оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру бағытында математика элементтерін тиімді пайдалану;
- түрлі логикалық тапсырмаларды шешу арқылы өзін-өзі ашуға, өзіндік дамуға және өздігінен дұрыс әрі жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті болатын жеке тұлғаны қалыптастыру;
- әр сабақ барысында денсаулық сақтауға бағытталған жаттығуларды тиімді пайдалану;
- оқу әрекеті және оның нәтижелері бойынша оқушылардың өзіне-өзі ұдайы талдау жасауына, баға беруіне жағдай жасау. Кіріспе

Кіріспе

Ұсынылып отырған таңдау курсы білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы) сәйкес "Математика" пәнінің жалпы білім беретін мектептің 3-дәрісханаларына арналған оқу бағдарламасын негізге ала отырып, вариативтік компонентінде көрсетілген таңдау пәні бойынша пәнді тереңдете оқыту мақсатында құрастырылған.

«Математикалық сауаттылық» таңдау курсының бағдарламасы 3-дәрісханаларға арналған және 34 сағатқа есептелген. Таңдау курсы кіріспе, жалпы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру пәндік оқу материалының мазмұнын меңгертуде қоршаған ортада болып жатқан әртүрлі жағдайларда және аралас пәндерде математикалық білімін, біліктігін, есептеу, өлшеу және графикалық дағдыларын, дәлелдемелі пайымдау жүргізу, логикалық негізделген шешімдерді қорытындылар жасау біліктігін қалыптастыру үшін қоршаған ортада кездесетін таңдау тапсырмаларына байланысты оқушылардың білімдерін нығайту мақсатымен таңдау және есептің шартына байланысты оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру (сурет салу, сызба сызу, кесте құрастыру т.б.) және математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру біліктігін қалыптастыруда есептерді әр түрлі тәсілдермен шығару, есептерді шешу ері есепке айналдыру, салыстыруға арналған тапсырмалардан тұрады. Бұл бағдарламада алдымен оқушылардың тапсырмалар арқылы бейнелік және логикалық ойлауды дамытуға, математикалық тілді дамытуға, оқу-танымдық және практикалық міндеттерді шешуге, айтылған пікірді дәйектеу, дәлелдеу, негіздеу біліктерін дамыту барысында әдістемелік көмек беру мақсатымен өзіделеді.

Қосымша құралдың мақсаты математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну, әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту, есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуді қалыптастыру.

Қосымшада оқу материалын терең меңгеру үшін сабақта дидактикалық ойындар, мақал-мәтел, жұмбақ, ребустар, санамақтар, логикалық жаттығулар, өлең есептер т.б. қолдану қарастырылған.

Көмекші құралда оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай түсініктемелер, есептер, жұмбақ ертегілер, ребустар, цифрлар әлемі туралы түсініктер берілген. Дамытушылық тапсырмалар, ойын арқылы танымдық белсенділігін, ойлау әрекетін нығайтады. Жеке және топпен жұмыс жасау кезінде алға қойған мақсаттарына жетуге, шапшаңдыққа, білімділікке жетелейді.

III. КҮНТІЗБЕЛІК – ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№/с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Мың көлеміндегі сандар. Қосу және азайту	1	04.09
2	Разрядтық қосылғыштардың қосындысы	1	11.09
3	Қосу және азайту	1	18.09
4	Қосу және азайту	1	25.09
5	Көбейту және бөлу	1	02.10
6	Көбейту және бөлу	1	09.10
7	Көбейтудің ауыстырымдылық қасиеті	1	16.10
8	Кестелік көбейту және бөлу.	1	23.10.
9	Үлес ұғымы	1	06.11
10	Санның квадраты	1	13.11
11	Санның кубы	1	20.11
12	Аудан және оның өлшем бірлігі	1	27.11
13	Аудан және оның өлшем бірлігі	1	04.12
14	1000 көлеміндегі сандарды ауызша қосу және азайту	1	11.12
15	Бағасы, саны, құны шамалары арасындағы тәуелділік.	1	18.12
16	Өзіндік жұмыс	1	25.12
17	Көбейтіндіні санға бөлу	1	08.01
18	Нөлмен аяқталатын сандарды көбейту және бөлу.	1	15.01
19	Көбейтудің үлестірімділік қасиеті.	1	22.01
20	Қалдықпен бөлу	1	29.01
21	Қалдықпен бөлу	1	05.02
22	Теңдеуді шеш. Құрылымы күрделі теңдеулер	1	12.02
23	Разрядтық қосылғыштарға жіктеу арқылы екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту.	1	19:02
24	Разрядтық қосылғыштарға жіктеу арқылы екі таңбалы санды бір таңбалы санға көбейту	1	26.02
25	Екі таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту	1	05.03
26	Үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту	1	12.03
27	Жазбаша көбейту және бөлу	1	02.04
28	Жазбаша көбейту және бөлу	1	09.04
29	Ұзындық өлшем бірліктері	1	16.04
30	Уақыт өлшем бірліктері	1	23.04
31	Есептер шығару	1	30.04
32	Үш амалмен орындалатын есептер шығару	1	14.05
33	Жақшасы бар өрнектердегі амалдардың орындалу реті	1	21.05
34	Бақылау жұмысы		

Сабақты жүргізу әдістері:

Бүгінгі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап ететінін байқадым... Ол заман көшіне ілесу үшін әр мұғалім өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Осы күнге дейін дайын білімді оқушыларға беріп келдік. Тестілеу барысында оң нәтижеге қол жеткізу үшін материалды меңгеру бағасын ғана көздейтін тактикалық оқу-қалай оқу керектігін үйрену үдірісінде салыстырмалы түрде «мұзтаудың су бетіндегі бөлігіндей» ғана мәнге ие. (мұғалімдерге арналған нұсқаулық)

Мұғалім пәннің негізін қалайтын қағидаттар мен басты идеяны түсінеді. Бұл үшін оқыту тәсілдерін қолдану қажет, осының арқасында оқушылар оқу жоспары пәндерінің "өзіндік ландшафттарын" зерттеуге қабілетті болады. Бұл жерде бейімделуге ұқсайды: Сіз аумақты зерделеп, қандай ресурстардың қолжетімді екенін және ресурстарды өз қызметімізде өнімді пайдалану жолдарын білетін боласыз. (мұғалімге арналған нұсқаулық)

Жас ерекшелігіне байланысты оқытудың аса маңыздылығын ескере отырып осы туралы модульде жас ерекшелігіне байланысты оқытудың жекелеген теорияларын сипаттаған. Жан Пиаже, Джин Пиагет, Мария Матессори және Лев Выготский сияқты теоретиктер оқу және даму мазмұнының ұқсастығын қалыптастыра отырып, танымдық тәсілді дамытуда одан әрі ілгерілеген. (м.а.н.) **"Оқытудағы басқару және көшбасшылық"** модулінде қарастырылды. Модуль аясында "Мұғалім ретінде, біз кейде өзіміздің әрекет ету мүмкіндігіміз бен күш-қайратымызды жоғалтып жатқанымызды сеземіз. Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, жоғары лауазымсыз да жақсы мұғалімдердің кәсіби шеберліктері мен адамгершілік сенімдерін қолданып, адамдарға әсер етуге болады. Біз өзіміздің тактикалық дағдыларымызды жетілдіріп, стратегиялық тұрғыдан ойлауды үйрене аламыз" (м.а.н.) **АКТ** оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Сондықтан оқыту барысында осы технологияларды тиімді қолдану маңызды болып саналады. **АКТ** енгізген кезде, теориялық және тәжірибелік білімдердің біртұтастығы оларды тиімді қолдануды қамтамасыз етеді, ал бұл оқыту және оқу үдерістерін жақсартуға жағдай жасайтын болады. **Сыни тұрғыдан ойлау** – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сыни тұрғыдан ойлаудың негіздерін кішкентай балалармен жұмыс барысында, қажетті дағдыларды дамыту мақсатында білім берудің ерте кезеңінен дамытуға болады. Оқушыларды жұппен, топпен жұмыстандыру арқылы ұйымдастырылған сабақтар, оқушылардың дарындылығын дамытып, шыңдау жолдарының бірі болып табылады, олардың арасында ынтымақтастық пен серіктестікті тудыру, басқа адамның ойымен де есептесу қажет екенін де түсіндіреді, уақыт үнемделеді. Жұппен және шағын топпен жұмыс тез, жаңа идеяларды ұсынумен қатар белгілі бір жағдайды нәтижелі шешуге де мүмкіндік береді. **Дарынды және талантты балаларға** қатысты бұл ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап ететін едәуір күрделі мәселе. Дарынды және талантты оқушылардың есте сақтау қабілеттері өте жоғары болады. Олар ақпаратты біліп қана қоймай, оны өндеп, толықтырып, олардың қайшылықтарын анықтап, мәніне тезірек жетеді, күрделі тапсырмалардың шешімін табуға ұмтылады, өз білімін жетілдіре алады. **Оқушыларды бағалау әдістері:** Сыныптағы оқыту үдерісінде тағы маңызды мәселе бағалау болып табылады. Бағдарлама аясында бағалау түрлерімен және бағалау маңыздылығы, мәні, мақсаты айқындалады. Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданылатын кез келген нысанның артында объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатыстықұндылықтар жатады. (Александр. 2001) **Бағалау** – одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жинақтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Әдетте бағалау мақсаты әр мұғалімнің бағалауды (тестілеуді) қандай мақсатта және кім үшін (сыныпта тестілеу жүргізу сияқты), қалай өткізу керек екендігі туралы түсінігіне негізделеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесінде уақтылы өзгеріп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуды қолданылған әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады. Өзін-өзі бағалау, жұптық, үш шапалақ, екі жұлдыз – бір тілек, бағдаршам, формативті және сумативті бағлау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Кобдикова Ж.У. Орта мектепте білім алуды технологияландыру. - А.: 2002, -32 б.
2. Оспанов Т.Қ., Құрманалина Ш.Х., Қайыңбаев Ж.Т., Қосанов Б.М., Ерешева К.Ә. Математика. 3-сынып оқулығы. А.: Атамұра, 2003, 208 б.
3. Тест тапсырмалары (Бастауыш сыныпқа арналған көмекші құрал). Тұрғынбаева Б.А., Ыдырысова Ш.Қ. -А.: 2006, -209 б.
4. Жалмағамбетова Н.Б. Бастауыш мектеп оқушыларының математикалық білім, білік, дағдыларын тексеруге арналған тест жұмыстары. А.: Өнер, 2005, - 100 б.
5. Оспанов Т.Қ., Қайыңбаев Ж.Т., Қосанов Б.М., Құрманалина Ш.Х., Ерешева К.Ә. Математика оқу әдістемесі. А.: Атамұра, 1999, 166 б.
6. Оспанов Т.Қ., Қайыңбаев Ж.Т., Қосанов Б.М., Құрманалина Ш.Х., Ерешева К.Ә. Математика дидактикалық материалдар. А.: Атамұра, 1999 – 208 б.